



№ 19 (1612)
7 маусым
2016 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 2 маусым күні ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Кенжеғалиұлы Сағадиев «Шетел тілдерін жетік меңгерудің заманауи-ғылыми негіздері» атты тақырыптағы актілік дәрісін оқыды. Дәріске еліміздің алдыңғы қатарлы ЖОО-ларының ректорлары және университет ұстаздары мен студенттері қатысты.



Үш тұғырлы тіл мәселесі арқау болған дәрісте шетел тілдерін үйренудің жаңа бағыттары мен басты ережелері айтылды. Білім және ғылым министрі Ерлан Кенжеғалиұлы дәрістің кіріспе бөлімінде басты үш тіл жайына тоқтала келе, ХХІ ғасырда ағылшын тілінің тек қана жаратылыстану бағытындағы пәндерге ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық, яғни педагогикалық бағытта да қажет екендігін ерекше атап өтті. «Соңғы 15 жыл ішінде әлемдік ғылым көптеген салаларға жаңаша көзқараспен қарап, салалық деңгейде тың ашылулармен жұмыс істеуде. Әсіресе, сала бойынша педагогикалық бағытқа ерекше көңіл бөлініп, шетел тілдерін жылдамдатып оқыту жолдары іздестірілуде. Сол себепті, физиология, психология, әлеуметтік психология және лингвистика, тағы да басқа сала мамандарына ағылшын тілін терең меңгеру үлкен жауапкершілікпен жүктеліп отыр», – деді министр дәріс барысында.

Дәрістің негізгі бөлімінде министр Ерлан Кенжеғалиұлы тыңдармандарға шетел тілдерін меңгерудің ұтымды жолдарын жан-жақты әрі нақты түсіндіру үшін әлемдік теорияға сүйене отырып, шетелдік ғалымдар құрастырған, өзге елдер тәжірибесінде қолданылып жүрген нәтижелі қағидаларын кеңінен түсіндірді. Министр алғашқы ретте тіл үйренудің тиімді қағидасы ретінде италиялық ғалым Паретоның қисықсыздықты қағидасын назарға ұсынды. «Қисықсыздықты Парето» қағидасында көрсетілгендей, кез келген адам бір кітапты толық оқи отырып, кітаптағы 400 сөзді қолдана отырып 82%-ын, ал 8000 сөзді қолдана отырып 99%-ын жеткізе алады екен. Бұл – адамның есте сақтау қабілетінің күші. Ал, дәрісте талқыланған екінші қағида қабылданған ақпараттың сақтау жадынан ұмытылу көрсеткіші жайында болды. Бұл жөнінде неміс ғалымы Эббингауздың қисықсыздықты қағидасында қарасты-

рылған. Нәтижесінде, орта есеппен алғанда, кез келген адам белгілі бір ақпаратпен танысқан сәттен бастап, алғашқы төрт сағат ішінде ақпараттың 50%-ын естен шығарады екен. Ал, төрт күнде 75% ақпарат жадыдан мүлдем өшіріледі. Бұл бір рет танысқандағы көрсеткіш. Осы орайда адам көру арқылы, есту арқылы күнделікті көптеген ақпаратты ой елегінен өткізетінін ескере кеткен жөн. Қатысушыларға таныстырылған үшінші қағидада ақпараттың шынайы өмірде іс-әрекетке ұласуының есте сақтау қабілетін арттыруда алар орны жайында айтылды. Саланы зерттеу кезінде кезіккен ақпаратты оқып, қайтадан естен шығарып отырса, адамның білу деңгейі 20%-ды құрайды. Егерде, әр адам белгілі бір саланы меңгеруде кез келген білген мағлұматын шынайы өмірде, яғни сынып ішінде, зертханаларда, үйде немесе далада жүргенде іс жүзінде жиі пайдаға жаратар болса, есте сақталуы анағұрлым өсерлі. Яғни, білу деңгейі 80%-ды құрайтын болады. Сондықтан, кез келген ақпаратты іс жүзінде қолдана білу біліктіліктің кепілі бола алады. Министр қатысушыларды осы тиімді қағидаларды кәдеге жаратып, шетел тілдерін үйренуге шақырды.

Дәріс аяғында ҚР Білім және ғылым министрі Е.К.Сағадиев: «Шетел тілдерін барлық ұстаздар мен оқушы-студенттерге үйрету мәселесі жолға қойылып, бірнеше департаменттің бірігуі арқылы мәселе жан-жақты қарастырылуда. Алдағы уақытта тіл үйретуден сабақтар, арнайы курстар тегін ұйымдастырылып, білікті мамандар шақырылатын болады», – деп өз сөзін қорытындылады. Сондай-ақ жиын барысында министрге тыңдаушылар көкейтесті сұрақтарын жолдап, пікір алмасуға мүмкіндік алды.

Қаламқас
АМАНҚОСОВА

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ашылды

Кешегі өткен кезекті ректорат отырысында тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасын ашу және жазғы емтихан сессиясының қорытындысы – күн тәртібіндегі басты мәселелер ретінде қаралды. Ректорат отырысын ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ашты.

ЮНЕСКО-ның Алматы қаласындағы кластерлік бюросы директорының қызметін атқарушы Андрей Шевелев пен ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның бас хатшысы Әсел Өтегенова жиынның құрметті қонақтары болып, университет қабырғасында тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасын ашу туралы келісімшартқа қол қойды. Жиын барысында университет басшылығына арнап конактар Андрей Шевелев пен Әсел Өтегенова құттықтау сөз сөйледі. Ә. Өтегенова: «Тұрақты даму бойынша іске қосылған ЮНЕСКО кафедралары әлем университеттерінде аз емес.

Жалғасы 2-бетте

Заседание РУМС: СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЦЕЛИ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

Государственная стратегия поэтапного перехода вузов республики на трехязычное образование, внедрение в программы высшего образования дисциплин «Современная история Казахстана» и «Информационно-коммуникационные технологии», организация национальной платформы массовых открытых онлайн-курсов стали главными темами очередного заседания учебно-методического объединения Республиканского учебно-методического совета в КазНУ.

2 июня в КазНУ состоялось очередное заседание учебно-методического объединения Республиканского учебно-методического совета (РУМС) высшего и послевузовского образования МОН РК с участием ректоров и проректоров вузов Казахстана.

Учебно-методическое объединение РУМС КазНУ, включающее 23 ведущих вуза страны, сегодня координирует учебно-методическую работу по 118 специальностям высшего и послевузовского образования республики.

Как отметил председатель учебно-методического объединения, ректор КазНУ Ғалым Мұтанов, поэтапный переход вузов страны на трехязычное образование в течение 2016-2020 г.г. является необходимым условием повышения конкурентоспособности отечественных кадров и роста экспортного потенциала образовательного сектора.

Продолжение на 2 стр.

БҮГІНГІ САНДА:

ТАБЫСҚА ЖЕТУ ЖОЛЫ!



ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ



НАЧАЛО ЛЕТА - ПРАЗДНИК ДЕТВОРЫ



3-бет

7-бет

8-стр.

РЕКТОРАТ

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ашылды

Жаңғасы
Бағы 1-бетте

Осы белгілі бағытта жасалатын жұмыстар бізге халықаралық деңгейде қарым-қатынас жасауға үлкен мүмкіндіктер туғызады. Бұл ретте, ең алдымен, қос тарап та тұрақты дамудың өзекті мәселелерін шешу үшін ЮНЕСКО-ның ғаламдық жүйесінде мықты байланыс механизмін қалыптастыру қажет», — деген ойдамын деп, одан әрі университет ұжымына қызметте сәттілік тілейтінін жеткізді. Құттықтау сөздерден соң ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев тұрақты даму бойынша ҚазҰУ-дағы ғаламдық хабтың осыған дейінгі жұмыс нәтижелерінен есеп берсе, жаңадан ашылған ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Р.В. Яценко кафедраның көздеген мақсаты және алға қойған жоспарымен таныстырып өтті.

Сонан соң жиын барысы күн тәртібіндегі екінші мәселені талқылауға ойысты. Жазғы емтихан сессиясының қорытындысы туралы Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры А.Қ.Хикметов хабарлама жасады. Екінші оқу семестрінің есебі ретінде



өткізілген жазғы сессия жайында департамент директоры: «2015-2016 оқу жылына белгіленген барлық сынақ емтихандары өз мәресіне жетті. Оқу жылының екінші жартысында өткізілген жазғы сессияны да ҚазҰУ студенттері жоғары сапада тапсырып шықты. Бакалавр сатысы бойынша жалпы білімгерлер үлесі 80%-дан жоғары көрсеткішке ие болды. Анализ нәтижелері бойынша физика-техникалық және механика-математика факультеттерінің студенттері алға шықты. Сонымен қатар тарих, археология және этнология факультетіне қабылданған «Алтын белгі» иегерлері өз

дәрежесін толықтай сақтап қалды. Магистратура сатысы бойынша білімгерлер жалпы есепте 95%-дан астам нәтиже көрсетті. Журналистика, филология және әлем тілдері, биология және биотехнология сынды факультеттерде үздіктер қатары көп екені анықталды. Ал докторантура сатысы бойынша міндеттелген жұмыстар толықтай орындалып, физика-техникалық және механика-математика факультеттері алдыңғы қатардан көрінді», — деп қысқаша есеп берді.

Қаламқас АМАНҚОСОВА

Заседание РУМС:

СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЦЕЛИ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ



Продолжение. Начало на 1 стр.

«Стратегия трехязычного образования является ответом на вызовы времени, решением жизненной потребности нашего общества, активно интегрирующегося в глобальный мир, тем более, что по инициативе ЮНЕСКО XXI век провозглашен веком полиглотов. Все это определяет перед учебно-методическим объединением Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования важные задачи на предстоящий год и перспективу», — сказал он.

На заседании члены учебно-методического объединения РУМС ознакомились с опытом КазНУ по внедрению полиязычных образовательных программ, обеспечения их гибкости в соответствии с запросами рынка труда и инновационными технологиями обучения. С докладом «О программе усиленной подготовки по английскому языку преподавателей естественнонаучных специальностей в рамках государственной стратегии поэтапного перехода вузов РК на трехязычное образование в течение 2016-2020 гг.» выступили зам. директора

Института повышения квалификации и дополнительного образования КазНУ З.М. Балгимбаева и зав. кафедрой иностранных языков для естественных факультетов КазНУ А.А. Мулдағалиева. Активное обсуждение на заседании вызвали доклады декана факультета истории, археологии и этнологии КазНУ А.К. Жумадил о дисциплине «Современная история Казахстана», зав. кафедрой информатики КазНУ Б.А. Урмашева и проректора по академическим вопросам Международного IT-университета Р.К. Ускенбаевой, представивших вниманию участников заседания программу дисциплины «Информационно-коммуникационные технологии» на английском языке, а также доклад директора Института дистанционного образования Е.С. Алимжанова и директора Института повышения квалификации и дополнительного образования КазНУ Б.А. Шайкенова об организации национальной платформы массовых открытых онлайн-курсов.

Одним из важнейших направлений деятельности учебно-методического объединения РУМС является постоянное изучение книгообеспеченности вузов по курируемым специальностям и разме-

шение специальных заказов на разработку и издание необходимой учебной литературы в вузах, обладающих соответственным научно-педагогическим потенциалом. В этой связи выступила декан факультета философии и политологии КазНУ А.Р. Масалимова, которая ознакомила участников заседания с содержанием учебного пособия «Дінтану» для высшего образования, разработанного авторским коллективом факультета в соответствии с протокольным решением Совета по связям с религиозными объединениями при Правительстве Республики Казахстан. В своем докладе она отметила актуальность данного учебного пособия в условиях обострения религиозного экстремизма и терроризма.

Члены учебно-методического объединения РУМС КазНУ выразили уверенность в том, что нынешнее заседание и принятые на нем решения будут способствовать достижению стратегических целей развития образования и науки, обеспечат реальную конкурентоспособность Казахстана в современном мире.

Пресс-служба

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Жақында Абылайхан атындағы ҚазХКЖӘТУ шығыстану факультеті Таяу Шығыс аймақтардың тілі және аударма кафедрасы және Мысырдың мәдениет пен білім саласы орталығының ұйымдастыруымен «Араб тілін оқытудың қиындықтары» атты бір апталық семинар өтті. Оған өзге ЖОО оқытушыларымен қатар ҚазҰУ-дың арабист ұстаздары мен студенттері қатысып қайтты.

Мысырлық ұстаздар — профессор Али Шаабан, профессор Абуль Футух, профессор Саид Аббас, профессор Ахмед Ассаид қатысушылар үшін «Араб тілі грамматикасы мәселелері», «Араб тілін оқытудың жаңа-инновациялық әдістері», «Араб тілін шетелдіктерге оқытудың қиындықтары», «Араб шешендік өнерінің практикалық мәселелері» атты тақырыпта лекциялар оқыды. Семинар барысында Қазақстанның жоғары оқу орындарында қызмет істейтін ұстаздар араб тілін оқытуды өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті. ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының арабист-оқытушылары да бұл тілдік семинарға белсене қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Ф.Т. ЖҰМАЖАНОВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия
кафедрасының аға оқытушысы

В соответствии с планом военно-патриотической и оборонно-массовой работы для учащихся старших классов Профильной школы КазНУ военной кафедрой был организован День открытых дверей.

В ходе мероприятия школьники ознакомились с учебно-материальной базой военной кафедры, учебными тренажерами и интерактивным лазерным тиром. Начальник военной кафедры полковник О.В. Ажимов провел экскурсию со школьниками по именным аудиториям народных героев Казахстана Б. Момышулы и С. Нурмагамбетова и открытому к 24-й годовщине создания Вооруженных Сил Республики Казахстан кабинету военно-патриотического воспитания. Школьникам было рассказано об истории, порядке поступления и обучения на военной кафедре.

Э.А. БЕЙСЕТБАЕВА,
начальник отдела военно-патриотической и оборонно-массовой работы военной кафедры

Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасында «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында «Шешендік өнер негіздері» пәнінің негізінде Калиева Шынар Саяхатқызының жетекшілігімен қазақтың ұлы ақыны Абайдың қара сөздеріне арналған «Дана Абай, дара Абай» атты интеллектуалды сайысы өтті.

Бұл сайыс инновациялық технологиялардың ең үздік үлгілерін қолданып өткізілген жоғары деңгейде сабақ болды. Сайысқа факультетте дайындалып жатқан мамандықтар бойынша барлық бөлімнің шығыстану факультетінің 2-курс студенттері қатысты. Сайысқа қатысушылар 3 топқа бөлініп, Абай сүйген қыздардың атымен өз білімдерін сарапқа салды: «Қаламқас», «Әйгерім», «Тоғжан». Әр топтың мүшелері Абайдың қара сөздеріне қатысты сұрақтарды талдауға белсене қатысты.

Бәтін АТАБАЙ,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия
кафедрасының доценті

КазНУ как глобальный хаб программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию принял участие в международной 66-ой конференции Департамента общественной информации ООН «Образование в духе глобальной гражданственности: совместное достижение целей в области устойчивого развития» в г. Кёнжу (Южная Корея).

В работе конференции принял участие Первый проректор КазНУ, профессор М.М. Буркитбаев, который представил доклад «Инициативы Казахстана в области устойчивого мира & Глобальный хаб ЮНАИ КазНУ им. аль-Фараби». Выступление представителя Казахстана среди более чем двух тысяч участников получило высокую оценку заместителя Генерального секретаря ООН по коммуникации и общественной информации Кристины Галлах, а также директора Департамента общественной информации ООН Махера Насера, которые выразили поддержку деятельности академической общественности и студенчества КазНУ в области устойчивого развития.

На конференции рассматривались вопросы путей достижения целей в области устойчивого развития, принятых государствами-членами ООН в 2015 году с намерением искоренить нищету, защитить планету и добиться соблюдения прав человека. Эти же задачи стоят на повестке дня каждого университета, всего академического сообщества, которое должно быть выполнены до 2030 года. Инициативы же КазНУ по созданию университетского городка Smart

ОБРАЗОВАНИЕ в духе глобальной гражданственности



City, проекты «Green bridge through generation», «Зеленый кампус» и др. побудили участников также обсудить такие темы, как альтернативная энергетика, окружающая среда и изменение климата.

Профессор М.М. Буркитбаев считает, что конференция помогает разработать эффективные международные стратегии

коммуникации и образования в области устойчивого развития, ставит конкретные цели для тысяч университетов мира, которые являются активными участниками глобальной программы ООН «Академическое влияние».

Соб. корр.

Биофизика және биомедицина кафедрасында оқытушы Г.Қ. Атанбаева және 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Отбасы – тәрбие бастауы» атты тәрбиелік кеш болып өтті.

ОТБАСЫ – тәрбие бастауы

Баланың кішкентай күнінде алған тәрбиесі өміріне негіз болары анық. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі – балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиесі бола бастайды. Отбасының берік негізі, міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы, береке-бірлігі, ең алдымен, әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты. Өткізілген кеште осы және бала тәрбиесіне қатысты өзге де ұстаным-қағидалар сөз болды. Мектепке дейінгі және мектептен кейінгі орталық жүйке жүйесінің дамуы жайлы қызықты физиологиялық мәліметтер мен деректер келтірілді. Орталық жүйке жүйесінің дамуына әсер ететін тікелей факторлардың бірі ретінде баланың отбасыдағы тәрбиесі негізгі рөл атқаратындығы жайлы пікірлер айтылды. Студенттер өз тарапынан болашақта жеке отбасы ретінде қазақы тәрбиені басшылыққа алатындықтарын мәлімдеді.

М.С. КУЛБАЕВА,

биофизика және биомедицина кафедрасының аға оқытушысы, б.ғ.к.;

М. БОЛАТХАН,

3-курс студенті

Жуырда Әл-Фараби кітапханасында «Мансап және бизнес» орталығы мен Алматы қалалық әкімдігінің жұмыспен қамту орталығының ұйымдастыруымен «Табысқа жету жолы!» деген атпен бос орындар мен тағылымдамалар жәрмеңкесі өтті.

Табысқа жету жолы!

Айтулы шараға Алматы қаласының сегіз ауданы бойынша 136-дан аса ұйым қатысты. Олардың ішінде бүгінгі таңда қазақстандық және әлемдік деңгейде еңбек нарығына сай жұмысын жалғастырып келе жатқан ұлттық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер және жекеменшік өнеркәсіп орындары, сонымен қатар қоғамдық және қайырымдылық қорлардан өкілдер болды. Бұл ҚазҰУ түлектеріне деген сұраныстың жоғарылығын, олардың қай саланы меңгерсе де жұмысқа тұру мүмкіндігінің жоғарылығын анық байқатты.

800-ге жуық ҚазҰУ студенттері мен түлектері қатысқан бос орындар мен тағылымдамалар жәрмеңкесінде жұмыс беруші ұйым өкілдері ҚазҰУ студенттері мен бітіруші түлектерімен жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша кездесіп қана қоймай, оларға арнап арнайы шеберлік сыныптарын, тренингтер мен семинарлар өткізді. Атап өтер болсақ, «Кәсіпкерліктің негізі» аясында Алматы қаласы TOP Generation Group компаниясынан «Сен – идеялы кандидат: қалай жылына 50 мың доллар табыс табуға болады?»

тақырыбында Инна Ким, «Табысты жұмыс және тәжірибенің онлайн технологиясы» тақырыбында Әсел Беженова, TopLife.kz кәсіби орталығынан «Арманыңдағы компанияны қалай табуға болады?» тақырыбында Әсем Камитова кеңес берді. Оның барысында қатысушы түлектер мен студенттер өздерін толғандырып жүрген сұрақтарға жауап алып, кәсіби мамандардың ақыл-кеңестерін тындады, өз пікірлерімен бөлісіп, бақылау тестілеріне жауап берді. Бұл шаралар ҚазҰУ студенттерінің бәсекеге қабілетті кәсіби маман ретінде қалыптасуы барысында негізге алатын қағидалардың қақпасын ашып бергендей болды.

Сондай-ақ жәрмеңке аясында ҚазҰУ-дың «Мансап және бизнес» орталығының директоры Бақытжан Сапаровтың ұйымдастыруымен Алматы қаласы ЖОО-ларындағы «Түлектерді жұмыспен қамту орталықтары» бөлім басшыларының басын қосқан семинар өтті. «ҚазҰУ-дың Мансап және бизнес орталығының жас мамандарды жұмысқа орналастырудағы тәжірибесі» деп аталған семинар барысында барлық жоғары оқу орындарының бітіруші түлектерін жұмысқа орналастыру



жөніндегі ортақ мәселе талқыланып, жұмыс беруші кеңесінің жас маманға қажеттігі атап айтылды. Пікір алмасу барысында Томск мемлекеттік университетінің осы бағыттағы тәжірибесін үлгі етіп алуға болатыны да сөз болды.

Бос орындар мен тағылымдамалар жәрмеңкесінің ҚазҰУ-дың ізденісі мол, талапты да талантты жастары үшін маңызы зор. Сондықтан ұйымдастырушылар алдағы уақытта аталмыш жәрмеңкені жылына бірнеше рет өткізуді көздеп отыр. Бұл жас мамандардың тағылымы биік, тәжірибелі маман иелері болуына және болашаққа сеніммен қарауына мүмкіндік беретін шара деп айтуға толық негіз бар.

Өз тілшімізден



ҚазҰУ технопаркінде «Impact-факторы» бар жариялымдарды даярлау атты семинар өтті



Үздік инновациялық ЖОБАЛАР САЙЫСЫ

Еліміздің қарқынды дамуына жол ашуда инновациялық жобалардың алатын орны ерекше. Осы орайда оқу жылының соңында Экономика және бизнес жоғары мектебінде менеджмент және маркетинг кафедрасының ұйымдастыруымен «Инновациялық идеядан оны жүзеге асыруға дейін» атты VIII республикалық студенттер олимпиадасы болып өтті.

Олимпиадаға «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Менеджмент», «Маркетинг» мамандықтары бойынша еліміздің әр аймағынан жиналған студенттер қатысып, инновациялық жобаларын ортаға

салды. Сайдың тасындай іріктелген еліміздің білімді жастары Алатау етегіндегі әсем қала Алматыда бас қосып, өз мамандықтарына сәйкес, тың идеяларын ұсынды. Олимпиадаға 3 мамандық

бойынша республиканың 12 аймағынан 25 жоғары оқу орындары қатысуға ниет білдірді, алайда шараға іріктеу сынынан ірікпей өткен еліміздің 15 университетінен 27 топ қатысты. Демек, 27 жоба сарапқа салынды. Бұл олимпиаданың әділ өтуіне баға берген кафедра оқытушы-профессорларымен қатар, жұмыс берушілер мен олимпиада демеушілері қазылық етті. Атап айтқанда, «Kcell» АҚ, «Standard Insurence» АҚ, «Grata Training» оқыту орталығы, «Univer Pro», ҚР жобалық менеджерлер одағы.

Жүзден жүйрік шығып, өздерінің білімі мен ұшқыр ойларының арқасында үздік деп танылған ҚазҰУ-дың «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг» (қазақ бөлімдері), «Менеджмент» (орыс бөлімі) мамандығының 3-курс студенттері 1-орынды иеленді.

Әрбір жеңімпаз топтың жобаларының ерекшеліктеріне тоқтала өтсек, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша 1-орын иеленген «Жас Алаш» тобы «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру және оны басқару» жобасында халықтың қолдауы арқылы жас ұрпақтың білім алуы үшін және ғылыми-

зерттеу орталықтарын қаржыландыруды көздеді.

«Маркетинг» мамандығының «Dream team» командасы дұрыс тамақтану жүйесін енгізу арқылы, ұлт денсаулығын жақсарту міндетін алға тартты. Ал «Менеджмент» мамандығының «Фарабики» тобы жарнаманы орналастырудың жаңа тәсілін ұсынды.

Осылайша, тартысты өткен сайыста барлық топтар жүлделі орындар және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан студенттер олимпиадасы жыл сайын өзінің ауқымын кеңейтіп келеді. Әрбір үздік деп танылған жобалар еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда. Осындай олимпиаданың жоғары дәрежеде өтуіне атсалысқан э.ғ.д., профессор Қ.С. Мұхтарова басқаратын менеджмент және маркетинг кафедрасының ұжымына, демеушілік көрсеткен барлық компанияларға қатысушылардың алғысы шексіз.

**Ж.О.ТҰМБАЙ,
Г.С.СМАҒҰЛОВА,**
менеджмент және маркетинг
кафедрасының доценттері

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған студенттердің деректі кино өкілдерімен кездесуінде ҚР Жастар Одағы сыйлығының иегері, кинооператор Мұстафа Өсеров өз басынан өткен жайды айтып өтті.

Желтоқсан оқиғасының сабақтары

Сол Желтоқсан оқиғасы кезінде ол Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының режиссура факультетінде оқиды екен. Сол кезде студенттермен бірге алаңға шығыпты.

Оқиға өткеннен кейін тергеу жұмыстары басталып қауіпсіздік қызметкерлері Мұстафаны да тергеу астына алып, алаңға шығуын қылмыс деп бағалап, «кінәсін» мойындауға мәжбүрлеу әрекетін жасаған. Мұстафаның: «Мен болашақ режиссер ретінде ертең тарихқа айналатын оқиғаның басы-қасында болып, өз көзіммен көру үшін бардым», — деген уәжіне қарамастан, Өсеровті оқудан шығарып жіберіпті...

Осыған орай ойда қалған кейбір сәттер еске түсуде. Алаңда болып жатқан жан түршігерлік қақтығыс бүкіл қала халқын дүрліктіріп тұрған. Мен телевизия кешендерінің бірінде жұмыс істейтінмін. Біздің ұжым ішінде де қырғиқабақ, алакөздік әрекеттер көріне бастады. Осы кезде қызмет орнымыздағы басшылар мен зиялы ақсақалдарымыз жиналып ақылдаса келе, өз ұжымымыздың ішінен басбұзарлық әрекеттердің шығып кетпеуін қадағалайтын болып шештік. Төзімділік, толеранттылық мінезді көрсету міндеттелді. Біздің ұжымда орыс тілділер басым болатын. Күнде бірге күліп ойнап жұмыс атқарып жүретін қызметкерлер орыс-қазақ боп бөлініп шыға келді. Бірақ оған әлгі айтқан аға буын зиялы кісілердің игі ықпалы тежеу болды. Олар салқынқандылықпен ұлтараздық шиеленісті тоқтата білді. Сол арқылы халық үлкен зардаптан аман қалды.

Күні бүгін де халықаралық жағдай арандату мен лаңкестікпен бүлініп тұрғанда толеранттық ұстанымға машық алуымыз әбден қажет.

Қ. ӘБЖАНОВ,
доцент, филол. ғ.к.

Весенняя сессия молодых социологов и социальных работников Казахстана

Недавно в КазНУ состоялось одно из ярких и значимых событий – «Весенняя сессия молодых социологов и социальных работников Казахстана». Подобные мероприятия проводятся с целью подготовки, развития и повышения компетенции специалистов.



Сегодня наблюдается постоянная потребность в профессионалах социологической и социальной сфер, поскольку в каждом обществе постоянно происходят трансформационные процессы разного характера. Предпосылками чего являются результаты политических решений, научно-технический прогресс, стремительно развивающиеся информационные технологии и т.д. В результате меняются формы взаимоотношений, формируются новые или видоизменяются существующие социальные группы, объединяющиеся по разным статусам, аккумулируется соответствующий социальный и культурный капитал. Это далеко не полный список последствий трансформации, которые могут оказывать как положительное, так и отрицательное влияние на развитие общества. Особняком стоят постсоветские

страны, граждане которых продолжают испытывать на себе результаты долгого периода кардинальных перемен. Все эти процессы, происходящие в социуме, необходимо понимать и всесторонне изучать, что в результате способствует принятию разумных решений. Соответственно требуются специалисты, компетентные в систематизации и анализе многообразия информации об обществе.

Таких специалистов, профессиональных социологов и социальных работников готовит кафедра социологии и социальной работы факультета философии и политологии КазНУ. Учебные программы кафедры разрабатываются с учётом современных требований и накопленного многолетнего опыта. В результате выпускники являются востребованными специалистами на рынке труда. Данная кафедра

и организывает «Весеннюю сессию молодых социологов и социальных работников Казахстана». Финансовую и техническую поддержку оказывает Фонд Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации. Как известно, Фонд постоянно поддерживает проекты, нацеленные на социальные, благотворительные, культурные, образовательные и иные общественно-политические цели. При Фонде успешно работает Совет молодых ученых, периодически проводящий мероприятия с целью поддержки и развития молодых учёных Казахстана.

В рамках сессии состоялись лекция и мастер-класс профессора Европейского университета в Санкт-Петербурге М.М. Соколова на актуальную тему для трансформирующихся обществ: «Культурный капитал и статусный символизм в постсоветском обществе». Профессор Соколов известен как один из ведущих специалистов в области социологии академического мира и микросоциологии. Он – кандидат социологических наук, профессор факультета политических наук и социологии Европейского университета в Санкт-Петербурге, член Санкт-Петербургской ассоциации социологов, в прошлом сотрудник Центра независимых социологических исследований, опытный исследователь. Казахские социологи с интересом знакомятся с его научными трудами.

В работе конференции приняли участие представители академического сообщества, молодые учёные, преподаватели, магистранты, докторанты, представители общественных объединений, государственные служащие.

А.Б. ШАБДЕНОВА,
докторант 2 курса
кафедры социологии
и социальной работы

Жастар – Қазақстанның болашағы! Тәуелсіздігімізді алып қуансақ, өнді оны ары қарай дамыту, оның болашағына жауапкершілікпен қарау – жастардың парызы. Еліміздің, жеріміздің бар екендігін зор мақтанш тұту, қай жерде жүрсе де Отанның жетістігіне қуана білу, патриот болу тілді, тарихты білуден басталады.

Патриот болу өзіңді тәрбиелеуден басталады

Ұлы даламызды қасық қаны қалғанша қорғаған ата-бабаларымыз, еліміздің болашағы үшін күрескен алаш тарландары бізге елді, жерді сүюдің қандай болатындығын үлгі етіп кетті.

ҚазҰУ-дың «Әлеуметтану» мамандығының 2-курс студенттерімен жақында жастардың өз еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру мақсатында «Қазіргі жастар патриотизмі» тақырыбында тәрбиелік мақсатта іс-шара өткізілді.

Бұл іс-шараға желтоқсан оқиғасына қатысып, қазақ жастарының тәуелсіздік жолындағы күрестерінің куәсі болған «Қайсар жүрек» қоғамдық қорының төрайымы Шара Бөлеген қатысты. Ол жастарды Отанды сүюге, оның болашағына зор сеніммен қарауға шақыра отырып, студенттерге үлгі болатындай мазмұнды баяндама жасады. Студенттер де өз өнерлерін көрсетіп, дайындаған ойылымдарын ұсынды. Осы орайда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Мен қазақпын», Мұқағали Мақатаевтың Отан туралы ой шумақтары оқылып, әрбір халықтың мәдениеті мен философиясының, рухани өмірі мен болмысының көрінісі ретінде тілдің маңызын көрсететін видео жазбалар көрсетілді.

Қорыта келе айтарымыз, әлеуметтанушы мамандар өздерінің кәсіби деңгейін жетілдіріп, қоғамның әлеуметтік саласының дамуына, әлеуметтік мәселелерді шешуге маман ретінде елеулі үлес қосуға мүдделі болуы тиіс. Бұл олардың патриотизмінің көрінісі бола алады. Патриотизм – бұл әрбір адамның өз ісіне деген жауапкершілігінен басталады.

Г.О. ӘБДІКЕРОВА,
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының профессоры

Ұстаз таудан арқырай аққан тау өзені секілді айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дейді дана халқымыз. Осы орайда биология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтан Төлеуханов шәкірттерінің әрқайсысы алған білімдері мен біліктіліктерін ел игілігі жолына жұмсауда. Олардың бірқатары биофизика және биомедицина кафедрасында өскелең ұрпақты тәрбиелеуге үлесін қосуда. Әрқайсысының орны бөлек.

Сол шәкірттерінің ішінен Абылайханова Нұржанат Татуханқызы биыл ЖОО «Үздік ұстаз» грантын ұтып алды.

XXI ғасырдың нағыз ұстазы қандай болмақ керек? Әрине, ол өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да түсінікті. Бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: – Жай мұғалім хабарлайды. Жақсы мұғалім түсіндіреді. Керемет мұғалім көрсетеді. Ұлы мұғалім шабыттандырады, – дейді. Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені, қазіргі жас буын – еліміздің келер күнгі келбеті.

Соңғы 5 жылдың ішінде Нұржанат Татуханқызының қатысуымен ағылшын тілінде бір монография, ҚР Білім және ғылым министрлігінің оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынысы бойынша 19 оқу құралы, 350-ден астам ғылыми мақалалар, мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандартына

ҰСТАЗЫНАН ТӘЛІМ АЛҒАН ШӘКІРТ



сай 7 типтік оқу жүйесі жарық көрді. Ол педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті екенін дәлелдей келе, 7 жаңа оқу бағдарламасы мен 31 жаңа пәннің жасалуына, оқудың инновациялық технологияларын жасау мен оның элементтерін енгізуге арналған жұмыстарға қатысқан. Өзі жетекшілік еткен студенттері республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларда I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталып, жеңімпаздар арасынан көрінді.

Бақыттың үлкені – өзінді-өзін тану. Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды? Ол алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, сындарлы кезеңде сүрінбеген сәтінен таниды. Республикалық деңгейдегі 14 әр түрлі кеңес пен комиссия топтарындағы, 4 өңірлік деңгейдегі жұмыстарға өз үлесін қосуда.

Соңғы 3 жылда Нұржанат Татуханқызының ұйымдастыруымен патриоттық, тәрбиелік мәнділігі жүзден аса іс-шаралар өткізілген екен. Кәсіби және педагогикалық квалификациясын көтеру мақсатында алыс-жақын шетелдердегі және Қазақстанда өткен бірнеше конференцияларда болып, бүгінгі білім мен білік бәсекелескен заманда өзінің жаңашылдығын арттыруда. Сондай-ақ ол интеллектуалды меншік объектісінің мемлекеттік тіркеуі бар 16 патент пен авторлық ойлап табулардың иесі болып саналады. Ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандар дайындау негізінде I ғылым кандидаты, 25 бакалавр мен 22 магистрантқа жетекшілік етті. Ғылыми-педагогикалық еңбегі аясында жас ұрпақты тәрбиелеп, бәсекеге қабілетті мамандар дайындаудан еш шаршаған емес. Бүгінде өз еңбегі бағаланып, «Үздік оқытушы» атағын алып отыр. Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. «Тамшысымен тас тесетін бейнебір сү тәрізді» (әл-Фараби) жандарға ілтипат таныту – адамгершілігінің ілгері басуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Сөз соңында құрметті Нұржанат Татуханқызын биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының ұжымы атынан шын жүрекпен құттықтаймыз! Еңбегіңіздің жемісін көріп, тек биіктерден көріне беріңіз!

Г.Қ. АТАНБАЕВА,
Б.И. УРШЕЕВА,
биофизика және биомедицина
кафедрасының оқытушылары

Көк байрағымыз көп дүркін желбірегей!

Биылғы тамыз айының 5-21 күндері Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өтетін XXXI жазғы Олимпиада ойындарының жалауы көтеріліп, алауы жанатын күн жақындап келеді. Бұл – спортшыларымыздың төртжылдықтың дүлділді додасына мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бергі жетінші рет қатысуы болмақ. «Біздің спортшыларымыз Лондондағы жеңісті Рио-де-Жанейрода қайталай ала ма?» деген көкейтесті сұрақтың барша отандастарымызды алаңдатып отырғаны белгілі.



Сондықтан саңлақтарымыз жазғы олимпиада ойындарында үкілі үмітімізді ақтай алар ма екен деп ойланп-толғанып жүрген механика-математика факультеті «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 3-курс студенттері оқу жылының соңында «Көк аспанға желбіретер көк туын» атты ашық кураторлық сағат өткізді.

Ұйымдастырып, жетекшілік еткен топтың куратор-эдвайзері, профессор Бақыт Бөрібайұлы. Студенттердің бұл шараны өткізудегі негізгі мақсаты – Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өтетін жазғы олимпиада ойындарына лицензия алып, ел намысын қорғайтын спортшылардың жеткен жетістіктері, жеке өмірі, еңбектену жолы туралы ақпа-

рат беріп, олардың жеңімпаз атануына сенім білдіру еді. Жиынды өлең жолдары көмегімен көтеріңкі патриоттық көңілмен ашқан жүргізуші студенттер Ботагөз Тоқанова мен Бағдат Ешмұратов алдымен ашық кураторлық сабақтың мақсаты мен міндетін анықтап берді.

Сонан соң топтың басқа мүшелері өздері дайындап келген слайд-шоулар көмегімен Лондон олимпиадасының жеңімпаздары Александр Винокуров, Серік Сапиев, Илья Ильин, Ольга Рыпаркова, Зульфия Чиншанло, Мая Манеза, Светлана Подобедова туралы мәліметтер келтірді. Соңғы төртжылдықта талай жарыстарда жеңіс тұғырынан көрініп, ел қоржынын алтын, күміс пен қола жүлде-

лерге толтырып, ел үмітін ақтап жүрген боксшыларымыз – Жазира Жаппарқұл, Біржан Жақыпов, Олжас Сәттібаев, Берік Абдрахманов, Данияр Елеусінов, Жәнібек Әлімхан, Василий Левит, Иван Дычко туралы толыққанды баяндады.

Ұйымдастырушы отансүйгіш жастар Илья Ильиннің осы жылғы көрсеткен жеңістеріне сүйеніп, оның осы жылы да алтыннан үміті бар екенін құптады. Қазақстандық боксшы ерлер командасының тұңғыш рет олимпиада ойындарына барлық салмақ санаттары бойынша жолдама алғандығы жайлы жариялады. Ал боксшы нәзік жандар командасының да алдымызда Астанада өтетін Әлем чемпионатында лицензиялар санын арттыра-

тынына сенімдерінің мол екенін де білдірді. Бүгінгі күні қазақстандықтардың жеңіп алған олимпиадаға қатысу құқықын беретін барлық лицензиялар саны жетпіске жуықтағаны белгілі.

Қуаныштысы, игі шараны жүзеге асырған жастар тек жалаң фактілер келтіріп, жорамал жасаумен ғана шектеліп қоймай, өз өнерлерін де паш етті. Дәлірек айтсақ, спортты серік еткен студенттеріміз – Вахидов Ибраһим мен Алпамыс Самалбек бокстың техникалық әдіс-тәсілдерін қойылым түрінде сахналады. Талантты жас Зайтин Ерлан да аталған шымыр жігіттерден қалыспай, додалы сайысқа қатысатындарға деген ізгі тілегін, ыстық ықыласын жүрегінен шыққан жыр шумақтары арқылы жеткізді. Ал гитарашы Оспан Талғат олимпиадашы-спортшылар мен залға жиналған тыңдармандарға арнап попури әндерін шырқаса, домбыраның құлағында ойнайтын күйші өнерпаз Нұралы Дінмұхаммед «Адай» күйін нақышына келтіріп орындады.

Қызықты өткен іс-шараның соңында оған ат салысқан студенттер сахнаға шығып, салтанатты өмір салтын ұстанып, кеш тақырыбына қызығушылық танытқан барлық мехматтық көрермендермен бірге елге танымал «Чемпиондар» әнін шырқап, олимпиада ойыншыларына ақ жол тіледі.

Әрқашан жеңіс туын берік ұстайтын спортшыларымыз осы жолы да ел байрағын көкке көтеретініне сеніміміз арта түсті...

Болат ӘБЕНОВ,
ақпараттық жүйелер
кафедрасының аға оқытушысы

ҚазҰУ-да «Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы – 2 аясында кәсіпорындарға АКТ мамандарын даярлау» атты семинар-кеңес өтті

Нашақорлық – қоғам дерті.
Нашақорлық бүгінгі таңда адамзатты алаңдатып, әлемдік деңгейге көшкен мәселелердің бірі болып саналады. Жастардың санасына есірткіден болатын кері әсерлерді ұғындыру және аулақ болу мақсатында білім беру ошақтарының алатын орны зор екені мәлім.

Тағылымға толы ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Осы орайда, «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы студенттері мен магистранттарының білім беру бағдарламасында «Превентологиядағы нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету» пәні енгізілген. Пәннің мақсаты – өскелең жас ұрпақ санасында қоғамға жат девиантты және деликвентті іс-әрекеттердің, нашақорлыққа, психо-белсенді заттарға құмарлықтың ұлт болашағына зиян екенін жеткізу және асоциалды мінез-құлықтың алдын алу.

Осы аталған пән аясында еліміздегі есірткіге қарсы күрес шараларының мән жайын терең ұғыну мақсатында



ҚазҰУ-дың әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы Қылышбаева Бибігүл Наурызқызының және «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1-курс магистранттарының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізілді. Жиынға Алматы қаласы ішкі істер департаментінің есірткі саудасымен күрес басқармасының полиция майоры Шманов Олжас Қайырбайұлы қатысып, еліміздегі есірткіге қарсы күрес шараларының барысы жайында мол мағлұматтармен бөлісті. Ең алдымен есірткіні қолдану дозалары, оны тәркілеу және әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тарту шаралары жөнінде сөз қозғаған Олжас Қайырбайұлы: «Құқық қорғау органдарының басшылығымен нашақорлық дертін алдын алуға бағытталған шаралардың жүргізілуіне қарамастан, бұл дертке ұшыраған адамдардың, сондай-ақ есірткіге байланысты қылмыстардың саны жылдан жылға өсіп келеді. Есірткі бизнесімен әлемнің іргелі елдерінің барлығы күресуде және мұндай шаралар біздің елімізде нәтижелерін беруде», – деген пікірді алға тартты. Сонымен қатар, еліміздегі есірткі саудасына қарсы күрес барысында қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердің, «ҚР қылмыстық-процессуалды кодекстың», «ҚР Қылмыстық кодексінің» және т.б. қолданыстағы заңнамалардың маңыздылығы жайында айтылды. Кездесу барысында полиция майоры өзінің кәсіби тәжірибесінен мысалдар келтіріп, магистранттар тарапынан қойылған барлық сауалдарға тұшымды жауап берді.

Нашақорлықтың арты қайғыға ұшырататынын біле тұра жастардың оған қадам басуы жиі орын алады. Келеңсіз кеселдің алдын алуда тағылымы мол осындай басқосулар мен жоғарыда аталған пәннің тереңдеп оқытылуы үлкен мәнге ие деп ойлаймын.

Сандуғаш ИСМАҒҰЛОВА,
«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының
1-курс магистранты

Особенности АМЕРИКАНСКОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ ЖИЗНИ

«Как быстро пролетел учебный год и мои первокурсники совсем скоро, сдав очередную рубежку и сессию, перейдут на второй курс. Для некоторых из них это был год самостоятельной жизни в Алматы: без опекающих родителей, вкусных маминих пирожков и обедов, когда надо самому планировать и распределять свой бюджет, экономить».

А это, надо сказать, нелегкое дело, особенно когда родители по каким-то причинам не могут высылать дополнительных денег. И вот наши студенты начинают подыскивать дополнительный заработок: кто-то вяжет и продает модные шапочки в Интернете на своем сайте, кто-то работает переводчиком и официантом, бэби-ситерами и так далее. Да еще умудряются посылать часть денег своим родителям. А некоторые из тех, кто живет с родителями и имеет ежедневный кров и еду, тоже подрабатывают на карманные деньги: «не хотим просить у родителей». Конечно, есть определенная часть студентов, которые во главу угла ставят только учебу, получение знаний и студенческую беззаботную жизнь.

А вот как обстоят дела у американских и европейских студентов в плане учебы, денег и карманных расходов. Исходя из того, что в США студенты приходят в вуз, еще не определив своей профессии, в отличие от наших казахстанских студентов. В бакалавриате у них предполагается выбор будущей специальности только на завершающих этапах его обучения, первые два года в вузе отводятся получению базовых знаний, т.е. студент изучает общие курсы. В программу обучения на первом курсе входят несколько обязательных предметов, среди них, как правило, эссе (сочинение) и иностранный язык. Основная функция студентов на первых порах: сориентироваться в различных областях знаний, увидеть и понять связь между ними, в течение этого срока определить свою будущую специализацию. Довольно часто студенты, вначале указавшие свою специализацию, затем ее меняют. Большинство студентов окончательно выбирают свою будущую специализацию уже к концу второго курса, а в некоторых случаях и на четвертом. В этом процессе студенту, со стороны вуза оказывается всевозможная помощь.

Что касается работы и зарабатывания денег, то в США даже существует специальная программа – Программа предоставления студентам временной работы

(Federal Work-Study). Согласно ей работа может быть предоставлена как в самом учебном заведении, так и вне его. При этом количество рабочих часов в неделю ограничивается, чтобы работа не оказывала отрицательного влияния на учебу. Для улучшения своего финансового положения студентам разрешается работать в кампусе или вне его 20 часов в неделю (или полную неделю в период каникул). Поскольку плата за обучение в большинстве колледжей и университетов достаточно высока, многие студенты кроме учебы еще и подрабатывают. Эта временная работа может осуществляться в студенческом городке (в общежитиях, кафетериях, в сфере студенческих услуг, в проведении исследований или репетиторстве) или за его пределами (на местных фирмах или предприятиях, в конторах и т. д.). Так, например, большая часть студентов Стэнфордского университета сама зарабатывает значительную часть средств на учебу. Кроме того, в ряде университетов существуют программы «работа – учеба» и программы финансового содействия, оказываемого штатами и федеральным правительством. В университете Пасифик на Аляске около 71% студентов получают помощь через университет и 15% работают по совместительству в университетском городке. В Гарварде около 40% студентов получают стипендию, а средняя стипендия в Стэнфорде составляла 4,5 тыс. долл. в год. Студенты, которым приходится работать и учиться, скорее правило, чем исключение.

Даже очень состоятельные американцы обычно оплачивают детям только учебу, а на мелкие расходы они зарабатывают сами. Родители считают это хорошей школой социальной адаптации. Кампус – это еще и огромный рынок труда с широко распространенной почасовой оплатой в кафе и ресторанах, на заправках и в магазинах, в сфере услуг и мелком бизнесе.

Очень важной частью высшего образования в США является участие в неакадемической жизни студенческого городка. В частности, в американских университетах распространена система так называемых студенческих братств. Иногда ее именуют еще и «греческой системой». Не все студенты становятся членами подобных объединений. В крупных университетах к ним присоединяются от четверти до половины студентов, в маленьких колледжах их процент ниже. Есть и исключения – в Университете Вашингтона и

Ли более 80 процентов студентов являются членами братств, что составляет едва ли не самый высокий процент в стране.

Братство привлекательно не только тем, что дает возможность студенту интересно проводить время во время обучения, но и тем, что в нем закладывается фундамент полезных связей. Выпускники университетов, входившие в состав того или иного братства, могут рассчитывать на помощь со стороны старших товарищей. И эта поддержка не ограничивается просто советами – члены братств стараются активно помогать друг другу всю жизнь. Например, две трети президентов США, управлявших страной в XX веке, в том числе и Джордж Буш-младший, входили в состав таких братств. Три четверти всех конгрессменов и сенаторов США также принадлежат к тем или иным студенческим братствам.

Размер кампуса, т.е. университетского городка – примерно 5 на 5 километров. По нему даже ходят свои автобусы, развозя студентов по корпусам, а затем и по домам в разные части города. Имеется около десятка библиотек (в главной библиотеке – фонд в 2 млн. экземпляров), более двадцати лабораторных корпусов. Успешно функционирует своя система полицейского и дорожного контроля (по кампусу в будние дни можно ездить только в машинах со специальными желтыми номерами), больница при медицинском факультете. Университет по своей самостоятельности в законодательном плане может поспорить с некоторыми местными законами и предписаниями графства или штата.

Университет в США – это не только научно-образовательный центр. Здесь значительное внимание уделяется досугу студента. У каждого вуза есть свой духовой оркестр, ежедневная бесплатная газета, несколько спортзалов и стадионов, два бассейна, несколько музеев и магазинов. Университетские футбольная и баскетбольная команды играют в высших лигах чемпионатах США. Действует свой студенческий сенат, обладающий даже финансовыми фондами. Традиция локализации учебных заведений в стране опирается на определенную социально-территориальную изоляцию вуза, а с ним и его главного действующего субъекта – студента, от соблазнов большого города, мешающих учебе. В принципе, в нашем прекрасном КазГУ-граде все это тоже есть. И студенты КазГУ гордятся своим альма-матер. Как истинные патриоты своего университета они с радостью принимают все интересные нововведения, приемлимые для них и их менталитета.

Г.К. ДОСЫБАЕВА,
и.о. доцента кафедры
дипломатического перевода



Мұхтар СЕРЖАН

1992 жылдың 8 қазанында ҚХР Алтай аймағы Қаба ауданында дүниеге келген. 2006 жылдың сәуір айында атажұртқа үй ішімен қоныс аударған. 2012 жылы ШҚО Глубокое ауданы Переваловка ауылында 11-сыныпты бітірген.

Аудандық Оралхан Бөкей, Абай оқуларында өз шығармашылығын оқудан бас жылде, ШҚО Абай оқуларынан «Көкірегінде оты бар ойлы адамға» номинациясын, «Әдеби жаздесулер» клубы ұйымдастырған мүшәйрада 2-орын, ҚазҰУ-дың Студенттік көктем-2014 көркемөнерпаздар байқауының поэзия жанры бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталған.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің 4-курсінде оқиды.



Сен жауғанда кіналайды басқалар,
Мезгілсіз деп сенің түскен күніңді.
Ақ тәніңе қара бояу тасталар,
Меңіреулер естімейді үніңді.

Ағаштарға үміт артып іліндің,
Жапырақтың орнын басып жаздағы.
Ұяты өлген ғасырға кеп бүліндің,
Адалдықтың айыбы жоқ боздағы.
Ақ қар ақ қар ...

БАЛА ШАҚ

Қозы бағып өскемін жастайымнан,
Қариядай батагөй ас қайырған.
Өмір заңын сұрадым өлең оқып,
Өзім сынды мінезді ақ қайыңнан.

Талантанып тал қармап, шыңнан асып,
Ғұмыр кешер жан емен сыннан қашып.
Өзегіне нәр бармай ерте солған,
Гүлдің мұңын тыңдадым жырға ғашық.

Ой соңынан ергенмін күндер өтті,
Арман жолдан аспанға түндер өтті.
Қадамыңа нұр жаусын қасқа құлын,
Құлағым халықтан үндер жетті.

Баспағасын кеудені сұрақ бөтен,
Жымыңдаған күдіктен жырақ кетем.

Толқын-толқын сезімнің биігінде,
Кейде самғап кей кезде құлап кетем.

Бала шақтың кіршіксіз ойындай,
Жауға сілтер батырдың сойылындай.
Құрақ ұшып иіскеген маңдайымнан,
Ақ сәлделі атамның қойынындай.

Мейірімді аңсадым балақ түріп,
Болашақтан сый күттім қалап тұрып.
Кешіп өттім көз жасым жетіметкің,
Із қалдырдым соңыма жолақ қылып.

Тілгілеген табанды тастың қыры,
Дертке дауа шертілген достың сыры.
Ықыласың туған ел шексіз байлық,
Қымбат емес өзіңнен тақтың құны.

Болашақтан мен үшін...
Болашаққа дейін...

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Балғын тәні балбырап көктем келді,
Ақ көрмеден арылтып көп белдерді.
Мұз астынан көктеген балаусаның,
Табыстырған құшағы көк пен жерді.

Таңды таңға армандар жалғастырды,
Бақ ішінде баянды қолдастырды.
Өзгергісі келмеген қыс қаһарын,
Қыз көктемнің шуағы алмастырды.

Өткен уақыт белгісі күндерімнің,
Қолым жетпей үзілген гүлдерімнің.
Мұңға көміп балалық іздерімді,
Шырақ жаққан тұңғық түндерімнің.
Айғағы сенсің қыз көктем...

Жас шыбықтар маусулап бүршіктесе,
Балақ тістер ызғары жүр тістесе.
Сай саланы ерітер күннің көзі,
Обалына ақ қардың түршіктесе.

Теңбілденіп көрінер жердің төсі,
Кем жайлауға ағылар елдің көші.
Қоныс шалса құр атпен ел ағасы,
Мың сан үйге талығар қалдың шеті.

Булақ үні арудың күлкісіндей,
Қызыл күні аспан тау түлкісіндей.
Иіп тұрған төліне ақ сүт беріп,

Ұыз толы желінің үрпісіндей.
Келді көктем...

Көктем келді құстары өлеңдетіп,
Өнер сүйер құлақты елеңдетіп.
Ару қыздар жазбаған бұл жүректі,
Әнмен, досым, қайтайық жүр емдетіп.

Жел иіскеген даланың ақ тамағын,
Сұлу еткен тәңірім қас қабағын.
Көктем келді, адамдар, аялаңдар
Көңілінің кірлетпей ақ парағын.

ТҮН БҰРЫМЫН ТАРҚАТСА!

Найзағайдың жарқылы жүрегіме үн қадап,
Менің ғана сазымды мынау әлем тыңдамақ,
Сұлу мұңға батады бір үміті үзіліп,
Көңілінің ақ мамық ақ көрпесін былғап ап.

Түн бұрымын тарқатса күнә құнын бұлдаған,
Әлем шексіз өзге тым мың бір түске бояулы.
Ақ жүзіңді айғыздап кірпігіңді дымдаған,
Жәудіреген жанардың тамшысындай аяулы.

Мен ұнаттым өлеңді кеңдігіне қызықтым.
Маған шумақ өргізер періштеңің аяны,
Көбелек оялар қонақтар бұтасына күдіктің,
Жазылмаса ақынның ахиретке баяны.

Сұлулықты сыйғызып уысымның ішіне,
Ақ қағазға төгемін қаламымның ұшымен.
Тұлпар көңіл шырылда шындығыңды айт кісіне,
Өлімге күліп қарайтын адамдықтың күшімен.

Қараңғы түн қамалап ғұмырымды ұрласа,
Жырым қалар соңымда жастығымды күзетіп.
Ақындығым ақылға өз арнасын бұрмаса,
Табанымнан барады тағдырымның сызы өтіп.

АҚ ҚАР

Қара жердің ақ қар көміп күнәсін,
Алатауды мамық көрпе қымтаған.
Моншақ ұлпа көкжиектен құласын,
Қалап ірге келешекке мың таған.

Сені басып армандарға жетейік,
Алыптардың алақанын сезініп.
Біздер бүгін із қалдырып кетейік,
Пенделіктің кер жолынан безініп.

Өзге қиял сен аңсаған биіктер,
Арың таза табиғаттың ұланы.
Ақ қар, ақ қар сендік қайғы-күйіктер,
Адамзаттың айтылмаған ұраны.

Ерке самал аймалайды бетіңнен,
Сұлулықтың кірпігіне байланып.
Бармақтай бақ тайғанаса төсіңнен,
Сен кетерсің бақытсызға айналып.



«Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Жер бетіндегі әр ұлттың тарихымен сабақтасып, дінін, тілін айқындайтын, мәдениетімен үндесіп, құндылықтарын дәріптейтін, салт-дәстүрімен сабақтасып, өзге елдерден ерекше етіп көрсететін белгілері, яғни рәміздері болады. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заң 2007

зақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков. Еліміздің асыл қасиеттерінен сыр шертетін нышанның бірі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы. Елтаңбамыздың негізіне шаңырақ алынған. Шаңырақ әлемнің біртұтасты-

Ұлттың ұлылығынан сыр шертеді

жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Қазақ жұртының елдігін айқындайтын нышандардың бірі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы. Байрағымыздың ортасында шуақ төккен күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Қазақстан туының біркелкі көгілдір түсі бірігу идеясын білдірумен қатар, әрқашанда бейбітшіліктің, тыныштық пен жарқын болашақтың белгісі саналатын бүлтсыз ашық аспанды еске салады. Қа-

ғын, мемлекеттің бастауы отбасы ошағын бейнелейді. Қанатты тұлпар – мәңгілік өмір, шексіз дамудың символы ретінде көрсетілген. Қанатты тұлпар – болашаққа үміт артар жас ұрпақтың арманы, самғау биігі. Төменгі бөлігінде алтын түспен жазылған «Қазақстан» деген жазу бар, жоғары бөлігінде орналасқан бес бұрышты көлемді жұлдыз еліміздің жағар жұлдызы жарық әрі биікте болсын деген ниетті білдіріп тұрғандай. Қазақстанның Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – сәулетшілер Шота Уәлиханов пен Жандарбек Мәлібеков.

Еліміздің музыкалық эмблемасы – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны. Ондағы «Менің елім, менің елім» деген жолдардан кеудедегі мақта-



ныш сезімі, ел мен жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің алып күші сезіледі. Әнұранда халқымыздың бостандық сүйгіштігі, ақ көңілі, тарихымыздың тереңдігі мен айқын болашаққа деген сенімі көрініс тапқан. Бұл еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін 1945 жылы үш бірдей халық жазушыларының мәтініне жазылған ортақ туынды. Кейіннен 2006 жылы Мемлекеттік әнұранымыз өзгеріске ұшырады. Музыкасы – композитор Шәмші Қалдаяқовтікі, сөзі – Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтікі болып өзгертілді.

Мемлекеттік ту биікке көтеріліп, Әнұранымыз шырқалғанда бойымызда патриоттық сезіміміз оянады, тамырымызда қанымыз тулайды, бойымызды керемет рух кернейді. Еліміздің мемлекеттік рәміздерінің мән-мағынасы, ұлт-

тық тәрбиесі тым терең. Мемлекеттік рәміздер халқымыздың біртұтастығын бейнелейтін, оның егемендігінің мәңгілік екендігінің бірден- бір дәлелі емес пе?

Мемлекеттік рәміздердің мақсаты: туған жер туралы түсінікті қалыптастыру. Бесіктегі баладан бастап оқушыларды, жастарды Отансүйгіштікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Әнұранын, Туын, Елтаңбасын құрметтеп, қастерлеуге және адамгершілікке, туған елдің тарихын білуге тәрбиелейді. Қай жерде, қай елде жүрсең те еліміздің, Тәуелсіздігіміздің тұғыры – рәміздерімізді қадірлеп, мақтан тұтып жүрейік!

Қаламқас АМАНҚОСОВА,
Арайлым МҰХАМЕДИЯРҚЫЗЫ



Начало лета - праздник детворы

Международный День защиты детей в КазНУ отмечают с особым энтузиазмом и весельем. Этот праздник был учрежден на Международном конгрессе демократической федерации женщин в 1949 году. Он популярен в Казахстане и во всем мире.

В возрастной группе до 12 лет 1 место разделили два участника – Алан Абзалханулы (Служба безопасности и оперативного реагирования) и Рауан Кожаметов (Библиотека Аль-Фараби) с одинаковым количеством очков, «серебро» получил Мадияр Сержан (факультет журналистики), на 3-м месте – Тимур Чеканов (Институт информационных технологий).

Среди самых старших места распределились следующим об-

Участники соревнований получили грамоты и сладкие призы от профсоюза «Парасат».

Также 1 июня во Дворце студентов им. У. Жолдасбекова прошел мюзикл «Белоснежка и семь гномов». Артисты Детского Эстрадного театра «Улыбка» вновь потрясли зрителей глубиной своего таланта, удивительными голосами, чувством исполненных ролей, безудержной храбростью и прекрасной подготовкой. Юных артистов отличала замечательная вокальная и хореографическая подготовка. Они не уступали в танце профессионалам. Вжиться в роль помогали отличные костюмы и волшебные декорации. Перед спектаклем дети получили сладости, которые с удовольствием съели.

Праздник состоялся благодаря администрации университета и профсоюзу «Парасат». На праздник были приглашены воспитанники детских домов и дети с особенностями развития.



В канун праздника в спорткомплексе прошла 16-я детская шахматная спартакиада. В соревнованиях приняли участие дети профессорско-преподавательского состава, сотрудников университета: девочки и мальчики трех возрастных групп до 10 лет, до 12 лет, до 14 лет. Баталии за шахматными столами развернулись нешуточные, накалу страстей могли бы позавидовать и профессиональные шахматисты.

В возрастной группе до 10 лет 1 место занял Жолбарысхан Сагатай (Высшая школа экономики и бизнеса), 2-е место – Елдана Калиахмет (факультет востоковедения) и «бронзу» получили два участника Бекайдар Амангельды (факультет географии и природопользования) и Елназ Калиахмет (физико-технический факультет).

разом: 1 место – Томирис Нургазы (факультет журналистики), 2 место – Дулат Оразбак (Служба безопасности и оперативного реагирования) и 3-е место – Дамир Даулетбек (факультет довузовского образования).

Победители и призеры шахматной спартакиады были награждены грамотами, шахматной литературой, конфетами.

«Этот день профсоюз «Парасат» КазНУ всегда старается сделать ярким и незабываемым», – отметил председатель профсоюза «Парасат» Т.К. Мекебаев.

О.П. ЛОЖНИКОВА,
заместитель председателя профсоюза «Парасат»;
Н.П. ТАГАНОВА,
член профкома



Жедел ішек аурулары – асқазан-ішек жолдарын зақымдайтын инфекциялық аурулар тобы. Жедел ішек аурулары инфекциялық аурулар арасында жедел респираторлық инфекциялық аурудан кейінгі екінші орынды иеленетін кең таралған ауру болып табылады.

Ішек ауруларынан сақтаныңыздар!

Жазғы кезеңде ішек жұқпаларының алдын алу маңызды болып есептеледі, оның ішінде сальмонеллез жұқпасы көп кездеседі. Себебі жазғы мезгілде жеке бас гигиенасын сақтау қағидалары көбіне сақталмай, тағамдардың тез бұзылуы немесе дұрыс сақталмауы жиі орын алады.

Бүгінгі күні Алматы қаласы бойынша сальмонеллез жұқпасы 23,5 пайызға төмендегенімен, жұқпалы ауруханаға науқастардың күнделікті шағымдармен қаралуы да үзілер емес.

Сальмонеллез жұқпасының қоздырғышы қоршаған ортада ұзақ уақыт бойы: суда 120 күнге дейін, ет пен шұжықтарда 2-4 ай бойы, ірімшікте 1 жылға, жер

дегенде 7-10 мин. қайнатып барып пайдаланған жөн.

Малды сойғанда малдәрігерлік тазалық қағидаларын сақтау, азық-түлік өнімдерін дұрыс тасымалдау, сақтау кестесін орындау және де күдікті, жабайы сауда орындарынан азық-түліктерді алмау, жеке бас гигиенасын сақтау, сонымен қатар, мерзімі өткен азық-түлік өнімдерін қолданбау, тез бұзылатын тағамдарды сақтау ережелерін бұзбай қолдану қажет.

Сальмонеллез жұқпасын жұқтырған науқас бар болған ошақта бірге тұратын, бірге жұмыс істейтін кісілер 7 күн аралығында медициналық көмекке жүгініп, бақылауда болуы қажет. Өйткені



қыртысында 18 айға дейін сақталады. Кейбір азық-түліктерде (жұмыртқа, сүт, ет тағамдары) олар сақталып қана қоймай, тамақтың дәмі мен түрін бұзбастан көбейеді де. Оларға тұздау мен кептіру өте әлсіз әсер етеді. Инкубациялық кезең 6 сағаттан 7 тәулікке дейін созылады. Аурудың диагнозын клиникалық көрініс, зертханалық зертпе нәтижесі бойынша және эпидемиологиялық анамнез (сальмонеллезді жұқтыруға себеп болуы мүмкін тағамның болуы) деректері бойынша қояды.

Ең бір айта кететін жайт, науқастанған адам дер кезінде арнайы, дұрыс, сапалы ем алмаған жағдайда, ауру көзінің созылмалы дертіне, асқынуына, сонымен қатар дені сау жұқпа көзінің тасымалдаушылығына шалдығуы мүмкін.

Аталған аурудан сақтану үшін, құстардың етінен тағам дайындау кезінде, оларды қайнатудың ережелерін мұқият сақтаған дұрыс. Құстар мен жан-жануарлардың мүшелерін бөлгеннен кейін ыдыс-аяқты, бөлетін тақтайшаны, үстелдің үстін сабындап жуу керек. Құс пен мал еттерін пайдаланарда әбден жақсылап қуыру қажет. Ал жұмыртқаны шикілей пайдалануға болмайтындығын ұмытпау қажет. Пайдаланардан бұрын мұқият тазалап жуған соң, ең кем

олардың шағымы, яғни қызуы бар ма, іші өтпей ме, іші ауырмай ма, ағзаларында қандай да бір өзгерістер бар ма деген сұраулар жүргізіледі, мұның өзі жұқпа көзін әрі қарай болдырмау, дені сау тасымалдаушыларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Сөз соңында тұрғындарға тауар сатып алу барысында міндетті түрде тауар сапасына, сақтау шарттарына, мерзіміне, шығарылған күніне, шығарушы туралы мәліметтерге, құрамына назар аударған жөн екенін айта кеткіміз келеді. Қазақстан Республикасы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заң талаптарына сәйкес, тауар сатып алу кезінде сатушы Сізге тауар туралы толық мәлімет беруі тиіс.

Сапасыз тауар алып немесе сапасыз қызмет көрсетілген жағдайда осы заң талаптарына сәйкес тауарды ауыстыруға, кері қайтаруға, тауар сапасына, көрсетілген қызметке байланысты өміріңізге қауіп төнген жағдайда залаларды толық көлемде өтетуге және тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдары арқылы сотқа шағым түсіруге құқығыңыз бар екенін еске саламыз.

А.Ө.ӨТЕҒАЛИЕВ,
Алматы қаласы Бостандық аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы

ҚҰРЫТАЙШЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Қаламжас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды.
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Талпырық: №350

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.